

«Міржақып Дулатұлы: Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі»

Биыл қазақтың аса көрнекті ақыны, Алаш арысы Міржақып Дулатұлының тұғанына 140 жыл толып отыр. Осыған орай облыстың түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар үйімдастырылуда. Соның бірі Арқалық қаласындағы №2 ОӘФК-ның Ақпараттық-біблиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің үйімдастыруымен аймақтық зерделі кеңес өткізілді. Кеңестің маңызы – ұлы тұлғаның әдеби, мәдени, қоғамдық-саяси мұрасын зерделеу, оқырмандарға оның еңбегін насиҳаттау және ұлт руханиятындағы орнын айқындай тусу болды. Шарага Жангелдин, Амангелді, Арқалық қаласының ОҚЖ кітапхана қызметкерлері және Арқалық қаласындағы білім беру мекемелерінің кітапханашылары қатысты.

Кеңес барысында қатысушылар Міржақып Дулатұлының шығармашылығына қатысты баяндамалар жасап, оның «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» еңбектерінің тарихи және әдеби маңызын талқылады. Сонымен қатар, оның Алаш қозғалысындағы рөлі мен елдік сананы қалыптастырудығы еңбегі ерекше атальып отті.

Зерделі кеңестің соңында Жангелдин ОҚЖ кітапханашысы Батырова В.Ч., Амангелді ОҚЖ библиографы Аубакирова А.Қ., Арқалық қаласының ОҚЖ кітапханашысы Тұрсынбек С.С., №2 ОӘФК библиографы Жұмағалиева М.Ғ., Айтбаев Е.Ж., Қабдыбек Е.Б. қызметкерлері М.Дулатұлының қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі зор мұрасын қамтитын мазмұнды баяндамалар оқып, «Қазақ рухын оятқан тұлға» атты кітап көрмесі таныстырылды. Заманауи безендерілген кітап көрмесінің көрінісі де

«Қазақ рухын оятқан тұлға»



кеңестің мазмұнын байта түсті. Сонымен қатар, «Әрқашан бірге, жақсы көңіл күйде» тақырыбында сергіту сәті ойнатылып, қызмет бөлімдері келген қонақтарға тұрақты көрмелерін көрсетіп, экспкурсия жасады. Сондай-ақ, Ақпараттық-біблиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері қоғам қайраткерінің шығармалары жинақталған папкалардағы материалдарды кеңес қонақтарына таныстырып, бөлімдегі атқарылып

жатқан жұмыстар жайлы баяннады.

Қатысушыларға касіби біліктілігін танытқаны үшін Алғысхаттар табысталды. Шара соңында әріптестерге қойылған саяулнамаға жарап беру арқылы өз пікірлерін айтып, тәжірибе алmasып, Міржақып мұрасын бүгінгі тәуелсіз жастарға үлгі ете отырып, оны жан-жақты зерттеуді жалғастыру қажет екенін атап отті.

Бұл зерделі кеңес – Міржақып Дулатұлына деген құрмет қана емес, ұлт руханиятын

жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам болды.

Жұлдыз АБЖАНОВА

№ 2 ОӘФК-ның Ақпараттық-біблиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің менгерушісі